

Қалдықтар сыныптамасын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 169-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 2 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4775 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 06.08.2021 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 287-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 11.03.2020 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қалдықтар сыныптамасы бекітілсін.
2. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланған соң, он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2007 жылғы"31 мамыр

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2007 жылғы"31 мамырдағы
№ 169-ө бұйрығымен бекітілген

Қалдықтар сыныптамасы

Осы Қалдықтар сыныптамасы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 287-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және қалдықтардың, олардың кодтарының тізбесін, сипаттамаларын, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі операцияларды айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 11.03.2020 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тарау 1. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 11.03.2020 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Сыныптама қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі есепке алуды, бақылауды, нормалауды, тиісті қызмет түрлерін лицензиялауды, қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен орналастыруға арнап рұқсаттар беруді, табиғат қорғау құрылыстарын жобалау мен орта қорғау іс-шараларын жүргізуді, әлеуметтік, экономикалық, ресурсты-материалдық тәуекелді және авариялар мен апаттар туындаған кездегі залалды бағалауды қоса алғанда, қалдықтармен жұмыс істеу жүйесінде пайдалануға арналған.

2. Осы сыныптама жұмысы өндіріс және тұтыну қалдықтарымен байланысты мамандарға, сондай-ақ өндіріс қалдықтарын жинау, тасымалдау, орналастыру (қоймалау, көму), зарарсыздандыру және пайдалану жөніндегі практикалық операцияларға қатысты адамдарға арналған.

3. Сыныптама қалдықтардың қауіптілік деңгейін және оларды кодтауды айқындау үшін арналған. Сыныптамада қалдықтардың осы түрі болмаған жағдайда қауіптілік деңгейі мен кодтау әрбір нақты жағдайда негізделеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

4. Қалдықтарды кодтау пайда болу саласын, қоймалау (көму) тәсілін, кәдеге жарату немесе регенерациялау тәсілін, ықтимал қауіпті құрамдас элементтерді, қауіптілік деңгейін, объектілерінде қалдықтар пайда болатын экономика саласын ескереді.

5. Қалдықтардың қауіптілік деңгейін және оларды кодтауды айқындау технологиялар өзгерген кезде немесе өзге де шикізат ресурстарына көшкен кезде, сондай-ақ қалдықтардың қауіпті қасиеттері өзгеруі мүмкін жағдайларда жүргізіледі.

6. Қалдықты белгілі бір кодтауға жатқызуды табиғатты пайдаланушы өздігінен немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тарта отырып жүргізеді.

7. Қауіпті қалдықтардың трансшекаралық тасымалдануын және оларды тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсаттары үшін аластауды

бақылау туралы Базель конвенциясына сәйкес осы Сыныптамаға 8-қосымшаға сәйкес қалдықтар қауіптілігінің 3 деңгейі белгіленеді:

- 1) Жасыл - индекс G;
- 2) Янтарь түсті - индекс A;
- 3) Қызыл - индекс R.

8. Қалдықтарды сыныптау қалдықтарды дәйекті түрде қарау мен олардың негізгі белгілерін айқындауға негізделеді. Сыныптауға қалдықтардың орналасқан жері, құрамы, мөлшері, агрегаттық жай-күйі, сондай-ақ олардың токсикологиялық, экологиялық және басқа да қауіпті сипаттамалары жатады.

9. Осы стандартта белгіленген сыныптау белгілері қалдықтардың салалық, өңірлік немесе өзге де ерекшелігін көрсететін қосымша белгілерді жоққа шығармайды.

Тарау 2. Сыныптаманың құрылымы

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 11.03.2020 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қалдықтардың толық сыныптау коды екі қисық сызықпен бөлінген 8 көп мәнді кодтар блогынан тұрады.

11. Әр топ латын алфавитінің әрпімен таңбаланған және ақтаңдақпен бөлінген. Қалдықтардың толық коды мынадай код топтарын (блоктарын) қамтиды:

- атауы (N);
- материалдың (бұйымның) қалдыққа көшу себептері (Q);
- қалдықтардың агрегаттық жай-күйі (W);
- қалдықтардың қауіпті құрауыштарының бірдейлендірушісі (C);
- қалдықтардың қауіптілігін айқындайтын қасиеттер (H);
- қалдықтармен жұмыс істеудің іске асырылған тәсілі (D, R);
- нәтижесінде қалдықтар пайда болған қызметтің негізгі түрі (A);
- өнеркәсіп қалдықтарының қауіптілік деңгейі (G, A, R).

12. Қалдықтар сыныптамасы мыналардан тұрады:

1) осы Қалдықтар сыныптамасына 1-қосымшаға сәйкес қалдықтар номенклатурасынан;

2) осы Қалдықтар сыныптамасына 2-қосымшаға сәйкес аталған бұйымның "қалдықтар" санатына ауысу себептерінен;

3) осы Қалдықтар сыныптамасына 3-қосымшаға сәйкес қалдықтардың физикалық (фазалық) жай-күйі түрлерінің тізбесінен;

4) осы Қалдықтар сыныптамасына 4-қосымшаға сәйкес қалдықтардың қауіпті құрауыштары түрлерінің жалпыланған тізбесінен;

5) осы Қалдықтар сыныптамасына 5-қосымшаға сәйкес қауіпті қалдықтардың кодтары мен сипаттамаларынан;

6) осы Қалдықтар сыныптамасына 6-қосымшаға сәйкес қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі кодтар мен операциялардан;

7) осы Қалдықтар сыныптамасына 7-қосымшаға сәйкес нәтижесінде ықтимал қауіпті қалдықтар пайда болуы мүмкін қызмет түрлерінің тізбесінен;

8) осы Қалдықтар сыныптамасына 8-қосымшаға сәйкес қалдықтардың қауіптілік деңгейінен;

13. осы Қалдықтар сыныптамасына 9-қосымшаға сәйкес парниктер мен теплицалар полиэтилен пленкаларының қалдықтары мысалында қалдықтардың сыныптамалық кодын қалыптастыру.

Тарау 3. Қалдықтардың толық сыныптамалық кодын қалыптастыру тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 11.03.2020 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бірдейлендіру кодының 1 (N) блогын 1-кестеден сыныпталатын қалдыққа неғұрлым дәл сәйкес келетін ұстанымды іріктеу жолымен қалыптастырады, содан кейін сыныпталатын қалдыққа тиісті алты мәнді код беріледі. Осы Қалдықтар сыныптамасына 1-қосымшаның 1-кестесінде үш иерархиялық деңгейді: топтарды, кіші топтарды және ұстанымдарды қамтитын номенклатуралық қалдықтар сыныптамасы келтірілген. Әрбір топ екі мәнді кодпен сипатталады. Әрбір топта кіші топ пен ұстаным болатынына назар аудару қажет, оның соңғы пункті 9-нөмір болып табылады, оған "жоғарыда санамаланғандардың бірде біреуі емес" жағдайы сәйкес келеді.

Мысал: N XXXXXX//

2. 2-блок (Q) ол бойынша сыныпталатын материал "қалдықтар" санатына жатқызылатын себептер тізбесін білдіреді (2-қосымша). Тізбе ОЭСР С (94) 152 (түпкілікті) Кеңесінің 1994 жылғы 29 шілдедегі шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, "Регенерациялау жөніндегі операцияларға арналған қауіпті қалдықтарды трансшекаралық ауыстыру туралы" С (92) 39 (түпкілікті) ОЭСР 1992 жылғы 30 наурыздағы қарары деректерінің негізінде жасалған. 2-қосымшадан ол бойынша осы объект қалдықтар ретінде сыныпталатын бір немесе екі себепті іріктейді және ұстанымдардың нөмірлерін қояды. Егер бір ұстанымнан артық іріктелсе, онда сыныптау нөмірлерін "+" белгісімен бөледі. Мысал: Q XX+XX//

3. 3-блок (W) сыныптау қалдықтарының агрегаттық жай-күйіне неғұрлым дәл сәйкес келетін ұстаным нөмірінен тұрады (3-қосымша).

Мысал: W XX//

4. 4-блок (C) 4-қосымшада санамаланған бір немесе одан да көп заттардың нөмірінен (нөмірлерінен) тұрады. Егер қалдықтар кестеде келтірілген заттардың үштен астамын қамтыса, онда кодтар барынша қауіпті құрамдастардың үштен аспайтын тобын бөліп көрсете отырып, олардың қауіптілік дәрежесінің азаюы тәртібімен кодтарды қатарға орналастырады. Бұл топқа іріктеуді сапалық белгілері бойынша жасайды және ол осы қалдықтарды шығаратын мамандардың, ұйымдардың білікті пікірлеріне негізделеді. Бұл ретте құралдық талдаулар жүргізу көзделмейді. Бұдан кейін "+" белгісімен бөлініп іріктеліп алынған нөмірлерді жазу жолымен бірдейлендіру блогының кодын қалыптастырады. Егер қалдықтар 4-қосымша тізімінде санамаланған бір де бір құрамдасты қамтымаса, онда бұл топқа C 00// кодын береді.

Мысал: C XX+XX+XX//

5. 5-блок (H) "+" белгісімен бөлінген (егер екі ұстаным іріктелінсе) сыныпталатын қалдықтарды тудыруға қабілетті қауіпті қасиеттерге барынша дәл сәйкес келетін бір немесе екі ұстанымнан тұрады (5-қосымша).

Мысал: H XX+XX//

Егер қалдықтар 5-қосымшада санамаланғандардың ішінен бір де бір ықтимал қауіптілікке ие болмаса, онда оған H 00// коды беріледі.

6. 6-блок (D, R) сыныпталатын қалдықпен жұмыс істеудің іс жүзінде пайдаланылатын әдісін айқындайды. Оны 6-қосымшаның (E.1 және E.2) тізімдерінен егер ұстаным E.1-ден іріктелінсе, бұл жазбаны латынның D әрпімен және егер ұстаным E.2-ден іріктелінсе, латынның R әрпімен белгілей отырып сыныпталатын қалдықтың одан арғы тағдырын барынша дәл сипаттайтын бір немесе бірнеше ұстанымды іріктеу жолымен қалыптастырады. Егер біреуден көп ұстаным іріктелінсе, онда бірдейлендірілген блокқа бұл жазбаларды "+" белгісімен бөле отырып, олардың әрқайсысын жазады.

Мысал: D XX+R XX

7. 7-блок (A) 7-қосымшадан нәтижесінде қалдықтар пайда болған қызметтің неғұрлым сәйкес келетін бір түрін іріктейді.

Мысал: A XXX

8. 8-блок "Регенерациялау жөніндегі операцияларға арналған қауіпті қалдықтарды трансшекаралық ауыстыру туралы" ОЭСР қарарында келтірілген тізбеге сәйкес өнеркәсіптік қалдықтардың (G, A, R) қауіптілік деңгейін білдіреді.

Мысал: GX XXX

9. Сөйтіп, қалдықтың толық коды былайша көрініс табатын болады:

Қалдықтардың номенклатурасы

Ескерту. 1-қосымша жана редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 11.03.2020 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 02.12.2020 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

А. 1 Номенклатуралық топтардың тізбесі

1. Тау-кен өндіру өнеркәсібінің қалдықтары
 2. Ауыл шаруашылығының, бақшашылықтың, аң аулаудың, балық аулаудың қалдықтары
 3. Орман, целлюлоз-қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің қалдықтары
 4. Тері өңдеу және тоқыма өнеркәсібінің қалдықтары
 5. Мұнай өңдеу, табиғи газды ректификациялау қалдықтары
 6. Негізгі химия қалдықтары
 7. Органикалық синтездердің химия қалдықтары
 8. Бояуларды, лактарды, пломбалайтын материалдарды, желімдерді, баспахана бояғыштары мен эмалдерді шығарудан, өңдеуден, жеткізуден және пайдаланудан қалатын қалдықтар
 9. Фото өнеркәсібінің қалдықтары
 10. Термикалық үдерістердің органикалық емес қалдықтары
 11. Металдарды өңдеуден металдары бар органикалық емес қалдықтар
 12. Машиналық және механикалық үдерістердің қалдықтары
 13. Минералдық және синтетикалық май қалдықтары (8 және 11-топтарды қоспағанда)
 14. Еріткіштер сияқты заттарды пайдаланудан қалған қалдықтар (7-тармақта келтірілген қалдықтардан басқа)
 15. Ластанған орам ыдысы, ластанған адсорбенттер мен сүзгілер
 16. Сыныптамада өзгеше белгіленбеген өнеркәсіп қалдықтары
 17. Коммерциялық құрылыс пен ғимараттарды бұзу қалдықтары
 18. Медициналық және ветеринарлық қызмет пен зерттеулер қалдықтары
 19. Қалдық өңдеу және су өндірісі қалдықтары
 20. Үй шаруашылығы қалдықтары мен сауданың ұқсас қалдықтары
- 1-кесте - Қалдықтар номенклатурасы

Нөмір	Топ	Кіші топ	Ұстаным	Қалдықтың атауы
1	2	3	4	5
1	1	0	0	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің қалдықтары
2	1	1	0	Шахталар мен карьерлердің қалдықтары
3	1	1	1	Ашылған жыныстарды қоса алғанда, құрамында металы бар минералдық шикізаттың шахталары мен карьерлерінен шығатын қалдықтар
4	1	1	2	Ашылған жыныстарды қоса алғанда, құрамында металы жоқ минералдық шикізаттың шахталары мен карьерлерінен шығатын қалдықтар
5	1	2	0	Минералдық шикізатты физикалық және химиялық қайта өңдеу үдерістерінің қалдықтары
6	1	2	1	Гравий
7	1	2	2	Құм және саз
8	1	2	3	Ұнтақтар мен шаң
9	1	2	4	Бокситті қайта өңдеудің қызыл шламдары
10	1	2	5	Өзгеше айқындалмайтын басқа да шламдар
11	1	3	0	Бұрғылау шламдары
12	1	3	1	Бариттері бар бұрғылау шламдары
13	1	3	2	Құрамында май бар бұрғылау шламдары
14	1	3	3	Құрамында хлор бар бұрғылау шламдары
15	1	3	4	Өзгеше айқындалмайтын басқа да бұрғылау шламдары
16	1	3	99	Топтың өзгеше айқындалмайтын басқа да қалдықтары
17	2	0	0	Ауыл шаруашылығының, бақшашылықтың, аң аулаудың, балық аулаудың қалдықтары
18	2	1	0	Өнімді бастапқы қайта өңдеу қалдықтары
19	2	1	1	Жуудан және тазалаудан қалған шламдар
20	2	1	2	Ауру жұққан жануарлар ұшасы және биологиялық қалдықтар
21	2	1	3	Ауру жұқпаған жануарлар ұшасы және биологиялық қалдықтар
22	2	1	4	Өсімдік қалдықтары (өсімдіктер мен өсімдіктер бөліктері)
23	2	1	5	Жануарлардың несесі мен зәрі (пайдаланылған сабанды қоса алғанда), сұйық ағындар
24	2	1	6	Агрохимиялық қалдықтар (минералдық тыңайтқыштар, пестицидтер, гербицидтер және т.б.)
25	2	1	7	Өзгеше айқындалмайтын басқа да бастапқы қалдық түрлері
26	2	2	0	Ет, балық және басқа да жануарлардан алынатын өнімдер қалдықтары
27	2	2	1	Жуудан және тазалаудан қалған шламдар
28	2	2	2	Ауру жұққан және иістенген жануарлар тіндері
29	2	2	3	Қан
30	2	2	4	Сүйектер, тері, қауырсын, шаш, мүйіз және тұяқ
31	2	2	5	Жануарлардың несесі мен зәрі (пайдаланылған сабанды қоса алғанда)
32	2	2	6	Нақтылаусыз өңделген өнімдер
33	2	2	7	Өзгеше айқындалмайтын ет пен балық дайындау қалдықтары

34	2	2	0	Жемістерді, көкөністерді, сабақтарды, майларды, какаоны, кофені, консервлеу өнімдері мен темекіні дайындау мен өңдеу қалдықтары
35	2	3	1	Жуу, тазалау, центрифугирлеу, айыру қалдықтары
36	2	3	2	Нақтылаусыз бастапқы шикізат пен түпкілікті өнімдер
37	2	3	3	Сұйық қалдықтарды сүзгілеу
38	2	3	4	Ұсақтаудан шығатын шаң
39	2	3	5	Шламдарды сумен өңдеу қалдықтары
40	2	3	6	Қалдықтарды консервациялау мен машинамен тазарту өнімдері
41	2	3	7	Қыздыру, кептіру немесе вулкандау қалдықтары
42	2	3	8	Экстрактылар ерітінділерінің қалдықтары
43	2	3	9	Жемістердің, көкөністердің, жейтін майлардың, какао мен кофенің қалдықтары
44	2	4	0	Қант өндірісінің қалдықтары
45	2	4	1	Қызылшаны жуу және тазалау, жону қалдықтары
46	2	4	2	Сүзгілеу немесе тазалау қалдықтары
47	2	4	3	Химиялық өңдеу қалдықтары
48	2	4	4	Өзгеше айқындалмайтын қант өндірісінің қалдықтары
49	2	5	0	Май жасау өнеркәсібінің қалдықтары
50	2	5	1	Нақтылаусыз шикізат пен түпкілікті өнім
51	2	5	2	Сүзгілеу қалдықтары
52	2	5	3	Өзгеше айқындалмайтын май жасау өнеркәсібінің қалдықтары
53	2	6	0	Нан пісіру және кондитер өнеркәсібінің қалдықтары
54	2	6	1	Нақтылаусыз шикізат пен түпкілікті өнім
55	2	6	2	Сұйық сүзгілеу қалдықтары
56	2	6	3	Ұн шаңы
57	2	6	4	Консервлеуге арналған химикалий қалдықтары
58	2	6	5	Өзгеше айқындалмайтын нан пісіру және кондитер өнеркәсібінің қалдықтары
59	2	7	0	Алкогольді және алкогольсіз сусындар (кофені, шәйді, какаоны қоса алғанда) шығару қалдықтары
60	2	7	1	Шикізатты жуу, тазалау және механикалық өңдеу қалдықтары
61	2	7	2	Нақтылаусыз шикізат пен түпкілікті өнім
62	2	7	3	Спиртті тазалау қалдықтары
63	2	7	4	Химиялық өңдеу қалдықтары
64	2	7	5	Алкогольді және алкогольсіз сусындар шығару қалдықтары
65	2	7	99	Өзгеше айқындалмайтын топтың басқа да қалдықтары
66	3	0	0	Орман, целлюлоз-қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің қалдықтары
67	3	1	0	Орман шаруашылығы қалдықтары
68	3	1	1	Өңделмеген ағаштар мен бұталар қалдықтары
69	3	1	2	Өңделген ағаштар мен бұталар қалдықтары
70	3	1	3	Ағаш материалдарының жоңқалары, кесінділері, брактары
71	3	2	0	Ағаш өңдеу өнеркәсібінің қалдықтары
72	3	2	1	Қабық

73	3	2	2	Өңделмеген сүректің үгіндісі
74	3	2	3	Өңделген сүректің үгіндісі
75	3	2	4	Ағаш материалдарының (бөліктерінің, тақтайларының, тақтайшаларының) жоңқалары, кесінділері, брактары
76	3	2	5	Сүрек өңдеудің өзгеше айқындалмайтын басқа да қалдықтары
77	3	3	0	Сүректі алдын ала сақтау үдерісінде пайда болған қалдықтар
78	3	3	1	Сүректің құрамында галоген емес консерванттар бар қалдықтары (креозот)
79	3	3	2	Сүректің хлорорганикалық консерванттары, пентахлорфенол
80	3	3	3	Сүректі алдын ала сақтайтын органды металл заттар
81	3	3	4	Сүректің органикалық емес консерванттары
82	3	4	0	Ағаштан жасалған бөлшектер өндірісі мен жиһаз өндірісінің қалдықтары
83	3	4	1	Сүректен жасалған бөлшектер өндірісі мен жиһаз өндірісінің қалдықтары
84	3	4	2	Өңделмеген тығындар қалдықтары
85	3	4	3	Ағаштан жасалған бөлшектер өндірісі мен жиһаз өндірісінің басқа да қалдықтары
86	3	5	0	Целлюлоз-қағаз өндірісінің қалдықтары
87	3	5	1	Қабық
88	3	5	2	Көміртегі бар қалдықтар
89	3	5	3	Гипохлорид әдісімен ағарту қалдықтары
90	3	5	4	Басқа әдістермен ағарту қалдықтары
91	3	5	6	Қағазды рециркуляциялық өндіру кезінде баспахана бояғыштарын аластау қалдықтары
92	3	5	7	Қағаз пульпасы
93	3	5	8	Известняк күлі
94	3	5	9	Целлюлоз-қағаз өндірісінің басқа да қалдықтары
95	3	5	99	Өзгеше айқындалмайтын топтың басқа да қалдықтары
96	4	0	0	Тері өңдеу және тоқыма өнеркәсібінің қалдықтары
97	4	1	0	Тері өңдеу қалдықтары
98	4	1	1	Известпен пісіру қалдықтары
99	4	1	2	Извест қалдықтары
100	4	1	3	Зарарсыздану қалдықтары
101	4	1	4	Құрамында CrVI бар пайдаланылған сулар
102	4	1	5	Құрамында CrVI-сыз CrIII бар пайдаланылған сулар
103	4	1	6	Хромсыз пайдаланылған сулар
104	4	1	7	Құрамында CrVI бар шлам
105	4	1	8	Құрамында CrVI-сыз CrIII бар шлам
106	4	1	9	Хромсыз шлам
107	4	1	10	Тері өңдеу қалдықтары (беттеу, жону, кесу, жылтырату)
108	4	1	11	Жүту, сүзгілеу материалдары, ысқылау маталары мен қорғаныс киімі
109	4	2	0	Теріден жасалған бұйымдар шығару қалдықтары
110	4	2	1	Кесінділер
111	4	3	0	Тоқыма өнеркәсібінің қалдықтары

112	4	3	1	Тоқыма және өсімдіктен алынған басқа да табиғи талшықтарды қамтитын шикізат
113	4	3	2	Тоқыма және жануарлардан алынған басқа да табиғи талшықтарды қамтитын шикізат
114	4	3	3	Негізінен жасанды немесе синтетикалық талшықтар шикізаты
115	4	3	4	Өрілген және тоқылған аралас тоқыма талшықтардың шикізаты
116	4	3	5	Негізінен өсімдіктен алынған қайта өңделген талшық
117	4	3	6	Негізінен жануарлардан алынған қайта өңделген талшық
118	4	3	7	Қайта өңделген синтетикалық және жасанды талшық
119	4	3	8	Қайта өңделген аралас талшық
120	4	3	9	Қиыстырылған материалдар (қанықтырылған тоқыма, эластомер, пластомер)
121	4	3	10	Май, балауыз сияқты табиғи өнімдерден
122	4	3	11	Өңделген және аппретураның галогенді қалдықтары
123	4	3	12	Тері және аппретурадан жасалған құрамында галогенсіз қалдықтар
124	4	3	13	Бояғыштар мен пигменттер
125	4	3	14	Сіңіру, сүзу материалдары, сүрту маталары және қорғаныс киімі
126	4	3	15	басқаша анықталмайтын тоқыма өнеркәсібінің басқа қалдықтары
127	4	3	99	өзгеше айқындалмаған топтың басқа қалдықтары
128	5	0	0	Мұнай өңдеу, табиғи газды ректификациялау қалдықтары
129	5	1	0	Құрамында мұнайы бар шламдар
130	5	1	1	Өңделген шламдардың су ағындары
131	5	1	2	Тұзсыз шламдар
132	5	1	3	Резервуарлардағы түптік шламдар
133	5	1	4	Төгілген мұнай
134	5	1	5	Гудрон қалдықтары
135	5	1	6	Асфальт қалдықтары
136	5	1	7	Өзгеше айқындалмайтын құрамында мұнайы бар басқа да шламдар мен қатты қалдықтар
137	5	2	0	Құрамында мұнайы жоқ шламдар мен қатты қалдықтар
138	5	2	1	Қышқылды алкилдік шламдар
138	5	2	2	Су қайнату шламдары
140	5	2	3	Газ құбырларын тазалау қалдықтары
141	5	2	4	Өзгеше айқындалмайтын құрамында мұнайы жоқ шламдар мен қатты қалдықтар
142	5	3	0	Пайдаланылған катализаторлар
143	5	3	1	Пайдаланылған катализаторлар
144	5	4	0	Пайдаланылған саздан жасалған сүзгілер
145	5	4	1	Пайдаланылған саздан жасалған сүзгілер, ысқылау маталары, қорғаныс киімдері
146	5	5	0	Мұнайды десульфаризациялаудан қалған қалдықтар
147	5	5	1	Элементарлы күкірт

148	5	5	2	Көмірсутек шикізатын меркаптандар мен күкіртті сутектен тазарту кезінде пайдаланылған сулы-сілтілі ерітінді, бейтараптандырудан өткен сулы-сілтілі ерітіндіні қоспағанда
149	5	6	0	Көмірді пиролизикалық қайта өңдеу қалдықтары
150	5	6	1	Гудрон қалдықтары
151	5	6	2	Асфальт қалдықтары
152	5	6	3	Газ құбырларын тазалау қалдықтары
153	5	6	4	Көмірді пиролизикалық қайта өңдеудің басқа да қалдықтары
154	5	7	0	Табиғи газды ректификациялау қалдықтары
155	5	7	1	Құрамында сынабы бар қалдықтар
156	5	7	2	Күкіртті қалдықтар
157	5	7	3	Құрамында күкірті бар сүзгілеу материалдары
158	5	7	4	Өзгеше айқындалмайтын табиғи газды ректификациялаудың басқа да қалдықтары
159	5	8	0	Мұнайды регенерациялау қалдықтары
160	5	8	1	Саздан жасалып пайдаланылған сүзгілер
161	5	8	2	Қышқылды гудрондар
162	5	8	3	Өзгеше айқындалмайтын мұнайды регенерациялаудың басқа да қалдықтары
163	5	8	99	Өзгеше айқындалмайтын топтың басқа да қалдықтары
164	6	0	0	Негізгі химия қалдықтары
165	6	1	0	Күкіртті қайта өңдейтін химиялық үдерістердің қалдықтары
166	6	1	1	Күкірт қышқылы және күкіртті қышқыл
167	6	1	2	Сілтілі ерітінділер
168	6	1	3	Құрамында сульфидтер бар тұз ерітінділері
169	6	1	4	Сульфаттар, сульфиттер, сульфидтер және басқа да қатты тұздар
170	6	1	5	Металдар оксидтері
171	6	1	6	Құрамында қымбат бағалы металдар бар пайдаланылған катализаторлар
172	6	1	7	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
173	6	1	8	Адсорбенттер мен сүзгі материалы, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
174	6	1	9	Тұнған күкірт
175	6	1	10	Өзгеше айқындалмайтын күкірт өңдеу химиялық үдерістерінің қалдықтары
176	6	2	0	Галогенді химиялық үдерістердің қалдықтары
177	6	2	1	Тұз қышқылы
178	6	2	2	Еріткіш қышқыл
179	6	2	3	Басқа да қышқылды ерітінділер
180	6	2	4	Сілті ерітінділері
181	6	2	5	Құрамында хлоридтер, фторидтер және басқа да галогенидтер бар тұз ерітінділері
182	6	2	6	Құрамында сынабы бар шламдар
183	6	2	7	Ауыр металдар енгізілген тұздар (сынапты қоспағанда) Хлоридтер, фторидтер және басқа да ауыр тұздар
184	6	2	8	Хлоридтер, фторидтер және басқа да ауыр тұздар
185	6	2	9	Құрамында қымбат бағалы металдар бар пайдаланылған катализаторлар

186	6	2	10	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
187	6	2	11	Адсорбенттер мен сүзгі материалы, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
188	6	2	12	Құрамында электролиз қалдықтары бар асбест
189	6	2	13	Хлор өндірісінде пайдаланылатын белсенділендірілген көмір
190	6	2	14	Хлорлық және басқа да галогендік химия үдерістердің басқа да қалдықтары
191	6	3	0	Кремний мен кремний туындыларын өндіру қалдықтары
192	6	3	1	Тұз қышқылы және басқа да қышқылды ерітінділер
193	6	3	2	Сілті ерітінділері
194	6	3	3	Құрамында хлоридтер мен басқа да тұздар бар тұз ерітінділері
195	6	3	4	Хлоридтер мен басқа да қатты тұздар
196	6	3	5	Металдардың басқа да тұздары
197	6	3	6	Органикалық енгізілімі бар тұздар
198	6	3	7	Құрамында қымбат бағалы металдар бар пайдаланылған катализаторлар
199	6	3	8	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
200	6	3	9	Адсорбенттер мен сүзгі материалдары, ысқылауға арналған маталар, алдын ала қорғау маталары
201	6	3	10	Орнықты жай-күйдегі жару бөліктері бар қалдықтар
202	6	3	11	Құрамында кремний бар қалдықтар
203	6	3	12	Кремний мен кремний туындыларын өндірудің басқа да қалдықтары
204	6	4	0	Фосфорлы химия өндірісінің қалдықтары
205	6	4	1	Фосфорлы және фосфор қышқылы
206	6	4	2	Сілті ерітінділері
207	6	4	3	Құрамында фосфатты және туыстас құрамдастары бар тұз ерітінділері
208	6	4	4	Фосфогипс
209	6	4	5	Фосфаттар және туыстас құрамдастар
210	6	4	6	Құрамында қымбат бағалы металдар бар пайдаланылған катализаторлар
211	6	4	7	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
212	6	4	8	Адсорбенттер мен сүзгі материалы, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
213	6	4	9	Тұнған фосфор
214	6	4	10	Фосфорлы химия өндірістерінің басқа да қалдықтары
215	6	5	0	Азотты химия өндірістерінің қалдықтары
216	6	5	1	Азот қышқылы және азотты қышқыл
217	6	5	2	Аммиак және сілті ерітінділері
218	6	5	3	Құрамында азоты бар құрамдастары бар тұз ерітінділері
219	6	5	4	Нитраттар
220	6	5	5	Аммоний тұздары
221	6	5	6	Құрамында ционидтері бар тұздар
222	6	5	7	Құрамында қымбат бағалы металдар бар пайдаланылған катализаторлар
223	6	5	8	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
224	6	5	9	Адсорбенттер мен сүзгі материалы, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
225	6	5	10	Жару құрамдастары бар қалдықтар
226	6	5	11	Өзгеше айқындалмайтын азотты химия өндірістерінің басқа да қалдықтары

227	6	6	0	Тыңайтқыштар өндіруден қалған қалдықтар
228	6	6	1	Қышқылды ерітінділер
229	6	6	2	Сілтілі ерітінділер
230	6	6	3	Тұз ерітінділері
231	6	6	4	Металдар тұздары
232	6	6	5	Ауыр металдар тұздары
233	6	6	6	Құрамында ауыр металдар, мышьяк немесе фторидтердің ерітінділері бар шламдар
234	6	6	7	Ауыр металдар енгізілімі бар тұздар
235	6	6	8	Органикалық енгізілімдері бар тұздар
236	6	6	9	Басқа да тұздар
237	6	6	10	Металл оксидтері
238	6	6	11	Ауыр металдар енгізілімі бар металл оксидтері
239	6	6	12	Басқа да енгізілімдері бар металл оксидтері
240	6	6	13	Құрамында қымбат бағалы металлдар бар пайдаланылған катализаторла
241	6	6	14	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
242	6	6	15	Адсорбенттер мен сүзгі материалы, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
243	6	6	16	Өзгеше айқындалмайтын тыңайтқыштар өндіруден қалған басқа да қалдықтар
244	6	6	0	Органикалық емес бояғыштар өндіруден қалған қалдықтар
245	6	7	1	Қышқылды ерітінділер
246	6	7	2	Сілтілі ерітінділер
247	6	7	3	Тұз ерітінділері
248	6	7	4	Металдар тұздары
249	6	7	5	Ауыр металдар тұздары
250	6	7	6	Құрамында цианидтер бар тұздар немесе шламдар
251	6	7	7	Ауыр металдар енгізілімі бар тұздар немесе шламдар
252	6	7	8	Басқа да енгізілімдері бар тұздар немесе шламдар
253	6	7	9	Басқа да тұздар немесе шламдар
254	6	7	10	Металл оксидтері
255	6	7	11	Ауыр металдар енгізілімі бар ауыр металдар оксидтері және металл оксидтері
256	6	7	12	Органикалық енгізілімдері бар металл оксидтері
257	6	7	13	Ауыр металдардың оксидтері
258	6	7	14	Құрамында қымбат бағалы металлдар бар пайдаланылған катализаторлар
259	6	7	15	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
260	6	7	16	Адсорбенттер мен сүзгі материалы, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
261	6	7	17	Орнықты жай-күйдегі жару құрамдастары бар қалдықтар
262	6	7	18	Титан қос тотығы өндірісінен алынған гипс
263	6	7	19	Бейорганикалық бояулар мен пигменттер өндірісінің басқа да қалдықтары
264	6	8	0	Катализаторларды өндіру, пайдалану, қалпына келтіру қалдықтары
265	6	8	1	Қышқыл ерітінділері
266	6	8	2	Сілтілік ерітінділер
267	6	8	3	Тұз ерітінділері

268	6	8	4	Металдар тұздары
269	6	8	5	Ауыр металдар тұздары
270	6	8	6	Құрамында цианидтер бар тұздар
271	6	8	7	Ауыр металдар енгізілімі бар тұздар
272	6	8	8	Басқа да енгізілімдері бар тұздар
273	6	8	9	Басқа да тұздар
274	6	8	10	Металл оксидтері
275	6	8	11	Ауыр металдар енгізілімі бар металл оксидтері
276	6	8	12	Органикалық енгізілімдері бар металл оксидтері
277	6	8	13	Құрамында қымбат бағалы металлдар бар пайдаланылған катализаторлар
278	6	8	14	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
279	6	8	15	Адсорбенттер мен сүзгі материалы, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
280	6	8	16	Катализаторларды өндірудің, пайдаланудың және қалпына келтірудің басқа қалдықтары
281	6	9	0	Химиялық өндірістің басқа органикалық емес қалдықтары
282	6	9	1	Қышқылды ерітінділер
283	6	9	2	Сілтілі ерітінділер
284	6	9	3	Тұз ерітінділері
285	6	9	4	Металдар тұздары
286	6	9	5	Ауыр металдар тұздары
287	6	9	6	Құрамында цианидтер бар тұздар
288	6	9	7	Ауыр металдар енгізілімі бар тұздар
289	6	9	8	Басқа да енгізілімдері бар тұздар
290	6	9	9	Басқа да тұздар
291	6	9	10	Металл оксидтері
292	6	9	11	Ауыр металдар енгізілімі бар ауыр металдар оксидтері
293	6	9	12	Органикалық енгізілімдері бар металл оксидтері
294	6	9	13	металл оксидтері
295	6	9	14	Құрамында қымбат бағалы металлдар бар пайдаланылған катализаторлар
296	6	9	15	Басқа да пайдаланылған катализаторлар
297	6	9	16	Адсорбенттер мен сүзгі материалы, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
298	6	9	17	Орнықты жай-күйдегі жару құрамдастары бар қалдықтар
299	6	9	18	Органикалық емес пестицидтер, биоцидтер және сүректі алдын ала қорғайтын заттар
300	6	9	19	Өзгеше айқындалмайтын химия өндірісінің басқа да органикалық емес қалдықтары
301	6	9	99	Өзгеше айқындалмайтын топтың басқа да қалдықтары
302	7	0	0	Органикалық синтез химиясының қалдықтары
303	7	1	0	Органикалық негізгі химикаттар өндірісінің қалдықтары
304	7	1	1	Сумен жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
305	7	1	2	Органикалық галогендік емес жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
306	7	1	3	Органикалық галогендік жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер

307	7	1	4	Пайдаланылған катализаторлар
308	7	1	5	Реакциялардың құрамында галогені бар тұнбалар және орнықты тұнба
309	7	1	6	Реакциялардың құрамында галогені бар тұнбалар және орнықты тұнба
310	7	1	7	Құрамында галогені бар сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
311	7	1	8	Өзгеше айқындалмаған базалық органикалық химикаттар өндірісінің қалдықтары
312	7	1	9	Пластмассалар, синтетикалық каучук және жасанды талшық өндірісінен қалған қалдықтар
313	7	2	0	Пластмасса, синтетикалық каучук және жасанды талшық өндірісінен қалдықтар
314	7	2	1	Су шайғыш сұйықтықтар және бастапқы ерітінділер
315	7	2	2	Органикалық галогендік емес жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
316	7	2	3	Органикалық галогендік жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
317	7	2	4	Пайдаланылған катализаторлар
318	7	2	5	Реакциялардың құрамында галогені бар тұнбалар және орнықты тұнба
319	7	2	6	Реакциялар тұнбалары және орнықты тұнба
320	7	2	7	Құрамында галогені бар сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
321	7	2	8	Сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
322	7	2	9	Пластмассалар, синтетикалық каучук және жасанды талшық өндірісінен қалған өзгеше айқындалмайтын қалдықтар
323	7	3	0	Органикалық бояғыштар мен пигменттер өндірісінің қалдықтары
324	7	3	1	Сумен жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
325	7	3	2	Құрамында галоген жоқ жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
326	7	3	3	Құрамында галоген бар жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
327	7	3	4	Пайдаланылған катализаторлар
328	7	3	5	Реакциялардың құрамында галогені жоқ тұнбалар және орнықты тұнба
329	7	3	6	Реакциялар тұнбалары және орнықты тұнба
330	7	3	7	Құрамында галогені жоқ сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
331	7	3	8	Сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
332	7	3	9	Органикалық бояғыштар мен пигменттер өндірісінің өзгеше айқындалмайтын қалдықтары
333	7	4	0	Пестицидтер мен фармацевтикалық препараттар өндірісінен қалған қалдықтар
334	7	4	1	Сумен жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
335	7	4	2	Құрамында галоген жоқ жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
336	7	4	3	Құрамында галоген бар жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
337	7	4	4	Пайдаланылған катализаторлар
338	7	4	5	Реакциялардың құрамында галогені жоқ тұнбалар және орнықты тұнба
339	7	4	6	Реакциялар тұнбалары және орнықты тұнба

340	7	4	7	Құрамында галогені жоқ сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
341	7	4	8	Сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
342	7	4	9	Пестицидтер мен және басқа фармацевтикалық препараттар өндірісінен қалған өзгеше айқындалмайтын қалдықтар
343	7	5	0	Сабын мен жуу құралдары өндірісінің қалдықтары
344	7	5	1	Сумен жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
345	7	5	2	Құрамында галоген жоқ жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
346	7	5	3	Құрамында галоген бар жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
347	7	5	4	Пайдаланылған катализаторлар
348	7	5	5	Реакциялардың құрамында галогені бар тұнбалар және орнықты тұнба
349	7	5	6	Реакциялар тұнбалары және орнықты тұнба
350	7	5	7	Құрамында галогені жоқ сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
351	7	5	8	Сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
352	7	5	9	Сабын және басқа жуу құралдары өндірісінің өзгеше айқындалмайтын қалдықтары
353	7	6	0	Химия өнімдері өндірісінің өзгеше айқындалмайтын қалдықтары
354	7	6	1	Сумен жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
355	7	6	2	Құрамында галоген жоқ жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
356	7	6	3	Органды галогенделген жуу сұйықтықтары және бастапқы ерітінділер
357	7	6	4	Пайдаланылған катализаторлар
358	7	6	5	Реакциялардың құрамында галогені жоқ тұнбалар және орнықты тұнба
359	7	6	6	Реакциялар тұнбалары және орнықты тұнба
360	7	6	7	Құрамында галогені жоқ сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
361	7	6	8	Сүзгі пластиналары, пайдаланылған адсорбенттер, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
362	7	6	9	Химия өнімдері өндірісінің өзгеше айқындалмайтын қалдықтары
363	7	6	99	Өзгеше айқындалмайтын топтың басқа да қалдықтары
364	8	0	0	Бояуларды, лактарды, пломбалайтын материалдарды, желімдерді, баспахана бояғыштары мен эмалдерді шығарудан, өңдеуден, жеткізуден және пайдаланудан (ӨӨЖП) қалатын қалдықтар
365	8	1	0	Бояулар мен лактардың қалдықтары
366	8	1	1	Құрамында галогенделген еріткіштер бар бояулар мен лактарды ӨӨЖП қалатын қалдықтар
367	8	1	2	Құрамында галогенделмеген еріткіштер бар бояулар мен лактарды ӨӨЖП қалатын қалдықтар
368	8	1	3	Суы бар бояғыштар мен лактардың ӨӨЖП қалатын қалдықтар
369	8	1	4	Қатып қалған бояулар мен лактар
370	8	1	5	Ұнтақ бояуларды ӨӨЖП қалатын қалдықтар
371	8	1	6	Құрамында галогенделген еріткіштері бар (метиленделген хлоридтерді қоса алғанда) бояулар мен лактарды ӨӨЖП шламдары

372	8	1	7	Құрамында галогенделген еріткіштері бар қалған сұйықтықсыз бояулар мен лактардың ӨӨЖП шламдары
373	8	1	8	Бояулар мен лактарды ӨӨЖП су шламдары
374	8	1	9	Бояулар мен лактарды кетіруден қалған қалдықтар
375	8	1	10	Бояулармен және лактармен ластанған су қалдықтары
376	8	1	11	Адсорбенттер, сүзгі материалдары, ысқылау маталары
377	8	2	0	Баспахана бояғыштарын ӨӨЖП қалдықтары
378	8	2	1	Құрамында галогенделген еріткіштер бар баспахана бояғыштарын ӨӨЖП қалдықтары
379	8	2	2	Құрамында галогенделмеген еріткіштер бар баспахана бояғыштарын ӨӨЖП қалдықтары
380	8	2	3	Құрамында суы бар бояғыштарды ӨӨЖП қалдықтары
381	8	2	4	Кеуіп қалған баспахана бояғыштары
382	8	2	5	Құрамында галогенделген еріткіштер бар бояғыштарды ӨӨЖП шламдары
383	8	2	6	Құрамында галогенделмеген еріткіштер бар бояғыштарды ӨӨЖП шламдары
384	8	2	7	Бояғыштарды ӨӨЖП су шламдары
385	8	2	8	Бояғыштармен ластанған су
386	8	2	99	Өзгеше айқындалмаған басқа да ұқсас қалдықтар
387	8	3	0	Желімдер мен пломбалаушы материалдарды (сүргі тектес) ӨӨЖП қалдықтары
388	8	3	1	Құрамында галогенделген еріткіштер бар желімдер мен пломбалаушы материалдарды ӨӨЖП қалдықтары
389	8	3	2	Құрамында галогенделмеген еріткіштер бар желімдер мен пломбалаушы материалдарды ӨӨЖП қалдықтары
390	8	3	3	Құрамында су бар желімдер мен пломбалаушы материалдардың қалдықтары
391	8	3	4	Қатып қалған желімдер мен пломбалаушы материалдар
392	8	3	5	Құрамында галогенделген еріткіштер бар желімдер мен пломбалаушы материалдарды ӨӨЖП шламдары
393	8	3	6	Құрамында галогенделмеген еріткіштер бар желімдер мен пломбалаушы материалдарды ӨӨЖП шламдары
394	8	3	7	Желімдер мен пломбалаушы материалдарды ӨӨЖП су шламдары
395	8	3	8	Желімдермен және пломбалаушы материалдардың қалдықтарымен ластанған су
396	8	3	9	Желімдермен және пломбалаушы материалдармен ластанған адсорбенттер, сүзгі материалдары, ысқылау маталары, қорғаныштық киім
397	8	4	0	Эмальді ӨӨЖП қалдықтары
398	8	4	1	Бұрын айқындалмаған ұнтақтар мен эмальдер
399	8	4	2	Эмальді су шламдары
400	8	4	3	Құрамында суы бар эмальді ӨӨЖП қалдықтары
401	8	4	4	Құрамында эмалі бар адсорбенттер, сүзгі материалдары, ысқылау маталары, қорғаныштық киім және басқа да қалдықтар
402	8	4	99	Өзгеше айқындалмайтын топтың басқа да қалдықтары
403	9	0	0	Фотоөнеркәсібінің қалдықтары
404	9	1	0	Фотоөнеркәсібінің қалдықтары
405	9	1	1	Пайда қылғызушы ванна

406	9	1	2	Фиксаждық ванна
407	9	1	3	Нейтралдаушы фиксаждық ванна
408	9	1	4	Пайда қылғызушы және фиксаждық ваннаның сүзгілері
409	9	1	5	Фотоөнеркәсібінің өзгеше айқындалмайтын басқа да қалдықтары
410	9	1	99	Өзгеше айқындалмайтын топтың басқа да қалдықтары
411	10	0	0	Термикалық үдерістердің органикалық емес қалдықтары
412	10	1	0	Электр станциялары мен басқа да кәсіпорындардың қалдықтары
413	10	1	1	Ұшпа күл
414	10	1	2	Күл қалдықтары
415	10	1	3	Құрғақ, жартылай құрғақ және сұйық отынды қайта өңдеу қалдықтары
416	10	1	4	Газды десульфурлы шламдар
417	10	1	5	Басқа да газ шламдары
418	10	1	6	Сұйық отынды қайта өңдеудің басқа да қалдықтары
419	10	1	7	Күкірт қышқылы
420	10	1	8	Пештерді қаптау материалдары
421	10	1	9	NOx аластауға арналған пайдаланылған катализаторлар
422	10	1	10	Электр станциялары мен зауыттардың өзгеше айқындалмайтын басқа да қалдықтары
423	10	2	0	Қара металлургия, темір мен болат өндірісінің қалдықтары Ұшпа күл
424	10	2	1	Ұшпа күл
425	10	2	2	Домна шлактары
